

«Ақмола облысы білім
басқармасының Бұланды
ауданы бойынша білім
бөлімі
Жаңаталап ауылының
бастауыш мектебі» КММ

КГУ «Начальная школа
села Жанаталап
отдела образования по
Булаидынскому району
управления образования
Акмолинской области»

БҮЙРЫҚ

Жаңаталап

ПРИКАЗ

Жанаталап

25.05.2023 № 42

«Ақмола облысы білім
басқармасының Бұланды ауданы бойынша
білім бөлімі Жаңаталап ауылының
бастауыш мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі **сыбайлас**
жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызмет
ережесінбекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Тәрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бүйрүғына сәйкес **БҮЙРЫМАЫН:**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ережесі бекітілсін.
2. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылаудыөзіме қалдырамын.

Мектеп менгерушісі *[Signature]*



С.Оспанова

«Ақмола облысы білім
басқармасының Бұланды ауданы
бойынша білім бөлімі
Жаңаталапауылының бастауыш
мектебі» КММ
басшысының 2023 жылғы
25 мамырдың № 42
бұйрығымен берілген *Сейід*



Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі^{*}
Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» КММ сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже

Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы үлгі ереже(бұдан
әрі-ереже) «Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының
бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мектеп)
комплаенс-қызмет заңнамалық актілерге сәйкес әзірленді. «Ақмола облысы
білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап
ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мэртебесін, өкілеттігін және
жұмысынүйімдастыруды айқындайды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады
1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор
субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын
қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас
жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен
жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын
адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген
адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке
мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық,
мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз
лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше
орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Мектепте негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастырып қызметкерлердің қызметтерінде оның аумақтық бөлімшелері.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастырып жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастырып құрылымдық бөлімшениң немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің педагогтар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдарының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, мектептің басшысы айқындалады.

2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің мәртебесі

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органдарынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, педагогтар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдарына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

6. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді мектеппедагогтар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, қорсетілген органдар болмаған жағдайда мектеп басшысы бекітеді.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) Мектеппен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) Мектепте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

9. Мектеп сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) Мектептің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- 3) Мектепте мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- 6) мектеп қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- 7) корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 8) мектеп сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 9) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына нормативтік құқықтық актілерді сәйкес колледжінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және мектеп бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 11) мектепте анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 12) мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 13) мектептің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) мектепт қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

15) мектептің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

17) мектептің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

18) мұдделер қақтығысын, оның ішінде колледжінің жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) мектептегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

20) мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

21) мектеп басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, колледжінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

22) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, мектеппен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің құқықтары

1) мектептің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, мектептің басшысына педагогтар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) мектептің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыretі шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) мектептің қызметкерлерінің мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері

1) мектеп және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышығын сақтайды;

2) мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышығын қамтамасыз етеді;

3) мектептің педагогтар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, мектеп басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) мектеп белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

4-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет колледже қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мектеппедагогтар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару

органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, мектеп басшысына мерзімді түрде есеп береді.